

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 қарашадағы № 508 "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 31 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 қаңтарда № 6079-05 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 289 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 18.09.2025 № 289 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы әкімдігінің "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" 2017 жылғы 17 қарашадағы № 508 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4405 тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қосымша, осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен кейін он жұмыс күні ішінде " Алматы облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

М. Султангазиев

Алматы облысы әкімдігінің 2024
жылғы 29 қаңтардағы № 31 Облыс
әкімдігінің қаулысына қосымша

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері

№	Спорт түрлері, спорттың ойын түрлері бойынша жарыстардың жіктелуі	Төлемдерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)								
		Спортшылар			Жаттықтырушылар			Клубтық командалардың жетекшілері		
		1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын
Олимпиадалық спорт түрлері										
1	Жазғы және қысқы Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада	203	145	116	3	3	3	3	3	3

[illegible]

3	Жасөспірімдер арасында Өлем чемпионаты	43	29	20	3	3	3	3	3	3
4	Ересектер арасында Азия чемпионаты	43	29	20	3	3	3	3	3	3
5	Жастар арасында Азия чемпионаты	29	20	14	3	3	3	3	3	3
6	Жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты	29	20	14	3	3	3	3	3	3
7	Ересектер арасында ҚР чемпионаты, ҚР Спартак иадасы, Қ Р Паралимпиада Ойындары, ҚР Сурдлимпиадалық ойындары, Трансплантацияланғаннан кейін донорлық органдары бар адамдар	29	23	14	3	3	3	3		3

	дың Спартак иадасы								3	
8	Жастар арасынд а ҚР чемпион аты	23	17	11						
9	Жасөспі рімдер арасынд а ҚР чемпион аты	23	17	11						

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК